



www.farabishakirti.kz

[@farabishakirti.kz](https://www.facebook.com/farabishakirti.kz)

[@farabishakirti.kz](https://www.instagram.com/farabishakirti.kz)

Ushqyr oıla! Bikkе samǵa! Álemdi sharla!

Farabı

№1
қаңтар
2024

shákirti

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ



Нейрохирург
Мыңжылқы Сайлауұлы
отбасымен

Құрметті ата-ана!

Ұл-қызыңыздың шығармашылықпен айналысатыны сөзсіз. Алайда жазған мақаласын, шығарған өлеңі мен жетістігін, салған суреттерін жариялайтын журнал бар, «Farabi shakirti» - деп аталады.

«Farabi shakirti» журналына 2024 жылдың 9 айына жазылу жалғасуда. **Индекс: 76081**

Қала бойынша: 1 айға жазылу бағасы – 526,90;
9 айға жазылу – 4742,10.

Ауыл/село бойынша: 1 айға жазылу бағасы - 531,20;
9 айға жазылу – 4880,80.

Журналдың электрондық нұсқасына да жазылуға болады.
Индекс 26081

Қала бойынша: 6 ай – 3079,80. 12 ай – 6159,60.
Ауыл/село: 3105,60, 6211,20.

Балаңызға қай нұсқаны жазып берсеңіз де тиімді.

 [farabishakirti.kz](https://www.facebook.com/farabishakirti.kz);

 [farabishakirti.kz](https://www.instagram.com/farabishakirti.kz) әлеуметтік парақшаларымызды ақтарып, қараңыз!

[farabishakirti.kz](https://www.farabishakirti.kz) әлеуметтік желісінде де бармыз. **Тел: 87017309312**



Farabi shakirti

№01(53) қаңтар, 2024 жыл

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (Электронды нұсқа).

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБИЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАН**

Редакцияның мекенжайы: **040600**
Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81
87017309312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 ДАНА

Зерек жасөспірімдерге
арналған
Республикалық басылым

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 28.01.2019 жылы тіркеліп, №17481-Ж куәлігі берілді.

FARABI SHAKIRTI - мектеп мұғалімдері мен орта және жоғары оқу орындары оқытушыларына, сала мамандарына, магистранттар мен жасөспірімдерге арналған Республикалық желілік басылым-сайты

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы №KZ92VPY00083151 куәлігі берілген.

Атауы: желілік басылым, Farabi Shakirti, берілген күні: 04.12.2023 ж.

Алғашқы тіркелу нөмірі мен мерзімі: №KZ43VPY00032526 17.02.2021 жыл.

Төле би Әлібекұлы Жаңбыр жаумаса, жер – жетім

Төле Әлібекұлы (1663 – 1756) – қазақтың қоғам қайраткері, шешен, Ұлы жүздің бас биі, Қазыбек, Айтеке бидің қолдауымен үш жүзге төбе би болып сайланған. Артында "бүтін билікке Төле би жеткен" деген сөз қалған тарихи тұлға. "Жеті жарғыны" жасаушылардың бірі. Әлібекұлы Төле бидің атасы Құдайберді би Есім хан мен Тұрсын хан егесі кезінде Есім ханды қолдаған (Қазыбек бек Тауасарұлының "Түп-тұқияннан өзіме дейін" кітабынан). Яғни Есім хан тұсындағы, халық аузында "Есім ханның ескі жолы" атанып кеткен қазақ халқының заңдар жинағын құрастыруға қатысқан билердің бірі деп айтуға толық негіз бар.

Жаңбыр жаумаса, жер - жетім,
Басшысы болмаса, ел - үжетім,
Ұқпасқа айтқан сөз - жетім...
Атың жақсы болса - ер жігіттің
пырағы.

Балаң жақсы болса - жан мен
тәннің шырағы.

Әйелің жақсы болса,
Бірінші - иманың,
Екінші - жиғаның,
Үшінші - ырысыңның тұрағы...
Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол!

Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол!
Көп тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала.
Өзегің талса өзен бойын жағала
Басыңа іс түссе, көпшілікті сағала.
Өзіңе-өзің кәміл бол,
Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адал бол!





«Қазақстанның болашағы – білімді ұрпақтың қолында!»

Міржақып Дулатұлы:

«Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орын алсақ та, бір оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман».

Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым – Жомарт Кемелұлы:

"Қазіргі заманда білімді және кәсіби маман болу өте маңызды. Білімді адамның шамасы бәріне жетеді. Сондықтан, сендердің жасыңда, ең бастысы, жақсы оқып, білім алу. Еліміздің лайықты азаматтары болатындарыңа сенімдімін. Сендерге бақыт тілеймін".

«Лайықты азамат – өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбекқор болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі керек».

«Абайдың өсиеті – өскелең ұрпақтың айнымас темірқазығы. Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Ұлы ойшыл жастарымызды білім мен ғылым игеруге, өнер мен тіл үйренуге, адал еңбек етуге шақырды. Абайдың «Толық адам» тұжырымы өміріміздің кез келген саласында, мемлекетті басқару мен білім жүйесінде, бизнес пен отбасы институттарында негізгі тұғырға айналуы керек. Мұның бәрі интеллектуалды ұлт қалыптастыру үшін қажет».

«Бүгінде IT мен биотехнология саласындағы революциялар адамзаттың өмірін өзгертуде. Сондықтан білім беру жүйесі жаңа өмірге тез бейімделуі қажет. Әлемдегі жетекші мектептер балалардың креативті әлеуетін дамытумен айналысады, сандық технологиялар мен нақты ғылымдарға үйретеді».

«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды».

«Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз».

«Білімді ұрпақ – жарқын болашақ кепілі. Сондықтан келешек ұрпағымызды білімді, білікті, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу – мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірі. Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу – әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі мектепте қаланатын болғандықтан, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат – өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген, білімді, дағдыларды меңгеретін, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру және тәрбиелеу».



«Өскелең ұрпақтың тәрбиесі – өте маңызды мәселе. Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс. Ғаламтор арқылы жат діни ағымдардың құрығына түскен жастар да бар. Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, үлкендердің кінәсі».

«Қазақстанның болашағы – білімді ұрпақтың қолында! Олардың оқуда озат болып, қоғамның барлық саласында биік белестерді бағындыруына тілектеспін! Жастарымыз келешекте Отанымызға адал қызмет етіп, оның дамуына үлес қосатынына кәміл сенемін!».

Дереккөзі: Akorda.kz; eqemen.kz; kazgazeta.kz; jambyl-Taraz; «Білімді ел- образованная старана».

Әлемдік деңгейде мойындатқан нейрохирург күрделі ота жасап, адам жанына дауа бола білген білікті дәрігер, ҚР Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығы ауруханасының бас дәрігерінің орынбасары БЕРДІҚОЖАЕВ Мыңжылқы Сайлауұлының науқастардың өмірін ең қиын сәттерде сақтап қалғаны жайлы баспасөз, теле-радиоға берген сұхбаттарынан үзінділерді «Farabi shakirti» журналының оқырмандарына ұсынып отырмыз.



Қас қағым сәт ақам өмірімен өпшенеді

— Өткен жылы 500-ден аса операция жасадым. Алматы қаласында 300 - ден аса, Астанада 100 - ден аса операция жасадым. Сонымен қатар, аймақтарға шығып, көршілес Өзбекстанға да ай сайын барып 70 рет операция жасадым. Күніне 14 -17 операция жасаған кездер де болды.

— Мен қалай медицинаны таңдап, дәрігер болғым келді? Осы сұрақ көпшілік тарапынан жиі қойылады. 6 - сыныпта оқыған кезде, бір себеппен дәрігерге қаралу керек болды. Отбасымыздың досы хирург болып жұмыс істейтін. Сол кісінің сөйлеу мәнері, тіл байлығы, өзін - өзі ұстауы, нақты диагноз қоя білгені мені таңқалдырып, өскен кезде дәрігер болсам ба деген арманыма негіз болды.

Нейрохирургия - күрделі мамандық, әрі өте қызықты мамандық. Медицинаның ішіндегі нейрохирургияны таңдауыма нейрохирургияда жалпы хирургия сияқты қосымша травматологияның элементтерінің бар екендігі себеп болған.

— Соңғы бір жылдай уақыт болды. Операция кезінде «Бақара» сүресін қосып қоямын. Барлық бригада тыңдайды. Науқас егер жергілікті анестезиямен болса, науқас та тыңдайды. Ол өте мықты сүре деп ойлаймын. Кейбір дәрігерлер музыка тыңдайды. Өз басым музыка тыңдап көрдім, кейбір жағдайларда алаңдатады. Күнде бір сүре алаңдата қоймайды, арасында таныс сөздер де бар. Ол да бір күрделі операциялар кезіндегі амалдардың бірі.

— Шын мәнінде, 12 сағаттық операция 2011 жылы жасалды. Интернетте тараған бейнені ташкенттік әріптесім Мақсат Асқаров түсірген. Ташкентте маған науқасқа түнімен ота жасап, таңертеңгі рейспен Алматыға қайту керек болды. Ташкентке кешкі сағат 22:00 - де бардым, таңертеңгі сағат 5:00 - де бірнеше операциядан кейін ұйықтап қалыппын. Сол сәтті менің досым камераға түсірген. Ота жасатқысы келетіндер өте көп, егер физикалық тұрғыда мүмкін болса, мен

ешкімнен бас тартпаймын. Әрине, дәрігердің де алдымен адам екенін түсіну керек.

— Париждегі халықаралық конференцияда қызық жағдай болды. Менің жақын досым АҚШ - тағы Буффало университетінің директоры Аднан Сидики екеуіміздің арамызда көптеген дәрігердің шетелге, соның ішінде штаттарға кететіні туралы әңгіме өрбіді. Қазақстанда медицина жағдайы басқаша екенін айттым. Әрине, шетелде жұмыс істеу, тәжірие алмасу әр маманның ойына келеді. Бірақ маған досым айтты: «Сен келесің, жұмыс істейсің, бірақ бұл жағдай сенің еліңнің медицинасы мен пациенттерге қиынға соғады. Мұндай тәжірибелі маман өз елінде еңбектенуі керек», - деді. Міне, осындай маңызды



Сайла Бердіқожаев –
Мыңжылқы Сайлауұлының әкесі


емшілерге барып жатады. Яғни емшінің арнайы курстардан өтіп, қатерлі ісік, асқазан жарасы, аппендицит және басқа да жалпы аурулар туралы білімі болғаны жетіп жатыр. Дәстүрлі емге жүгініп, уақытты жоғалтпауы керек.

— Сондай-ақ интракраниальды артериялардың тарылуын емдеуде жеткілікті тәжірибеміз бар. Тері астына өтетін артерия тігілген кезде жасалатын операция әлемнің барлық елінде жасалмайды. Біздің елде ол күнделікті хирургияға айналды. Қазақстанда омыртқа хирургиясы жолға қойылған. Азаматтарымыз өз қалтасынан ақша шығарып, шетелге бармайды. Ми ісіктері, Арнольда-Киари ауытқуы, паркинсон және дистония ауруларына шалдыққан пациенттер еліміздің жетекші нейрохирургия бөлімдерінде емделеді. Орташа құны 6 млн тұратын тамырішілік араласулар еліміздің барлық дерлік клиникаларында жасалады. Елімізде 20 инсульт орталығы бар. Онда нейрохирургиялық, тамырішілік көмек көрсетіледі. Пациенттер оған шұғыл жеткізіліп, қажет медициналық көмекті МӘМС есебінен тегін ала алады.



әңгіме болды. Әрине, мансап, жоғары табыстан да басқа құнды нәрселер бар. Менің ойымша, біз отандық медицинаның дамуына үлкен үлес қосып жатырмыз және азаматтарымыз шетелге шықпай-ақ ота жасата алуына үлесімізді қоса береміз.

— Адамдар жаңа смартфон туралы хабар алса, дүкенге жүгіріп барады. Ал денсаулыққа келгенде ресми дәрігерлерден гөрі, халық емі, емшілерге көріну жағын жақсы біледі. Сол арқылы уақытты жоғалтып алады. Ең қиыны пациенттер арнайы білімі жоқ



— Күрделі оталарға қатыса жүріп, ағылшын тілін өз бетімше үйренуге ден қойдым. «2008 жылы А.Драгункиннің «Английский для энергичных лентяев» деген кітабы қолыма түсіп, сол кітапты оқып, ағылшын тіліне қызығушылығым артты. Жалпы тілді меңгеру үшін 5 жылдай уақыт кетті. Германияға барғанда, шетелдік дәрігермен сөйлесу үшін 1 айдың ішінде ағылшын тілі деңгейін көтеру керек болды. Көп ұзамай ағылшын тілінде еркін сөйлеуді ғана емес, күрделі кәсіби терминдерді меңгеруге қабілетім жетті.

Әр мамандық иесінің үлгі тұтар алдыңғы буын тұлғасы болады. Менің де өнегесінен үйренетін кәсіби біліктілігі жоғары дәрігерлер бар. Өмірде үлгі тұтатын тұлғаларым ретінде хирургияны үйреткен ұстазым Шимон Маймон мен Германияның Эссен қаласындағы «Alfried-Krupp Krankenhaus» емханасының профессоры Рене Шапоны атап айтамын.

— Қандай істі алғаш бастаған кезде кез келген адам жүрексінеді, қобалжиды. Ал мұны науқасқа білдіруге болмайды. Ең алғашқы

ота сәтті аяқталғанда қалай қуанғанымды көрсеніз ғой, құдды кішкентай бала сияқты маз болып, жеңіске жеткен марафоншы сияқты күй кештім. Тіпті сол кездегі сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл – жұмы-



сымды әрі қарай нық сеніммен жалғастыруға құлшындырды, күш-қуат берді.

Мыңжылқы Сайлауұлы

Сыр өңірінде дүниеге келген. 2006 жылы Мыңжылқы «Болашақ» президенттік бағдар-

ламасының стипендиаты болды, Ресей, Санкт-Петербург қаласындағы С.М.Киров атындағы Әскери-медициналық академиясының клиникалық ординатурасына оқуға түседі. Ординатураны сәтті аяқтаған соң, Астанаға келіп, жаңа ашылып жатқан Республикалық нейрохирургиялық ғылыми орталықта эндоваскулярлық нейрохирург болып мансабын бастады. 2008 жылмен 2015 жыл аралығында жұмыс атқарған уақытта 1500-ден аса бас миының тамырларына жоғары технологиялық ота жасады.

Мыңжылқы Сайлауұлы тұрақты түрде Халықаралық конференцияларда дәріс оқиды, шет елдерге көрсететін мастер-класстарға белсенді түрде атсалысып, қатысады. Денса-



улық сақтаудың магистрі және докторанты болып табылады. Әлеуметтік желілерде белсенділік танытып, пікірді түрде заманауи технологияның негізінде емделушілерге кеңес беріп отырады. Талантты, емделушілерге мұқият әрі жауапты, әріптестерінің ортасында құрметке ие, отбасында үйдің үлгілі басшысы, әлемдік деңгейде мойындатқан нейрохирург.

Сұхбаттардан үзінді
дайындаған: Ж.Кучукова

Фотосуреттер: нейрохирург
Мыңжылқы Сайлауұлының
жеке архивінен алынды.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мыңжылқы Сайлауұлы Алматы қаласына «Совмин» аталып кеткен аурухананың нейрохирургиялық бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалды. Соңғы үш жылда 800-ге жуық ішкі тамыр жүйелеріне қатысты ота жасалынды және Алматы қаласында инсульттан көз жұму көрсеткішін 2 пайызға төмендетті.

Бүгінгі уақытта Мыңжылқы Сайлауұлының басшылығымен нейрохирургиялық бөлімдері Қазақстанның аймақтарындағы, сонымен қатар қиыр Шығыстағы дәрігерлерді оқытатын үлкен оқыту орталығы болып табылады.



АНА ТІЛІН АРДАҚТАУ...

Ана тілін ардақтау –
Мақсат еді зор болған.
Тілмен ойнар қақпақыл,
Қайран тілім қор болған.
Тіл туралы гулесіп,
Мәжілістер жалғасқан.
Мәресіне жетпей жүр,
Қол сілтесіп дауласқан.
Даурықса да қанша кеп,
Бір шешімін таппайды-ақ.
Тақылдайды таңдайлар,
Мұрт сипасып, тақта ойнап.
Қайран тілім қор болған,
Жөнге келмей сор болған.
Түк бермей жүр «дау-дастан»,
Көз бақшитып бекерге.
Жүйке құртып жауласқан,
Ақ сүтімен шығатын.
Сәби тілін ананың,
Бесігінде жатқаннан.
Тәй, тұрып, қаз басқаннан,
Ойлау қажет әу бастан!

Әу бастан...

Тіл хақында керіс сөздер бітпейді,
Тапсырмасын бір-біріне жүктейді.
Құр былшыл сөз – кімдер нені діттейді?
Түк шықпайды айлап, жылдап күт, мейлі!
Әу, ағайын, тілдің таза, тұнығын,
Қаулыменен шешеміз деп ұғыуың –
Еске салар бәдәуилер елінде
Суы құрып қалған құмның құдығын.
Не береді жарыспа сөз дауласқан?
Тіл қадірін іздеу ағат «дәу бастан».
Тәй-тәй басып тілі шыққан кезінде
Ата-анасы үйретсе ғой...әу бастан...

Табылмай жүр...

Сөзі – терең,
Ойы – ерен
Теңдесі жоқ данышпан,
Көпке – бедел
Жаттап кенел,
Өлең сөзде арыстан –
Абайдан озған қайсың бар?
Шетіңнен Күн мен Айсыңдар...
Қазғаны – ақыл,
Жазғаны – нақыл,



Тәңірі тума ақынның,
Биікке сермер,
Жүректі тербер,
Тарихқа тастар батыл үн.
Фәниге келген талайлар,
Табылмай жүр тек Абайлар...

Сара сөз сыры

Самсаған орман – даланың көркі,
Аңсаған арман – адамның көркі,

Көсілген көше – даланың көркі,
Шешілген місе – сананың көркі.
Самалды кәусар-сайлардан алам.
Салиқалықты – самайдан алам.
Шапағат нұрын – маңайдан алам.
Сара сөз сырын – Абайдан алам!

«Жер»

Жер! Жер! – ерек естілер үш-ақ әріп,
Жері жоқтар мүсәпір, мүлде ғаріп.
Жер! – деген сөз сабақтас – Отаныммен,
Жер! – деген сөз – Жүректен шығар жарып.
Жерім үшін шайқасқан бабаларым.
Сұрапылда мерт болған ағаларым.
«Хабарсыздар» қаңқасын қурап қалған,
Жер жасырған тұстардан таба аламын.
Жүрегімнің төрінде «Жер» деген сөз.
Құшақтағым келеді көргенде көз,
Дәм таусылса жасырар өз қойнына
Алтын бесік үш әріп екенін сез!

Абылайдың ақ батасы

Желпіп жел алақанымен,
Жаңбырға жонын жудырып,
Танытып тастан мүсінін,
Тұрған бұл дерсің кісі кім?
Әлгінде ғана жауларын
Талқандап қайтқан шағындай,
Айналған аты аңызға –
Алмалы аудан бау-бағын
Құлпыртқан батыр Абылай!
Ауыздығымен алысып,
Ұшқан құспен жарысып,
Аспанға шапшып, қарғылап,
Атойлап мінген арғымақ,
Түн қатып жүріп, түс қашқан,
Жеңіспен жорық ұштасқан,
Дамылдап даңғыл бойында,
Сұрапыл сәтін ойға алып,
Қол-басы тұрған ойланып:
– Той десе қу бас домалар! –
деді де: Ой-хой, дабырды-ай!
Ат басын бұрды Абылай –
Алмалы аудан тойына.
Қала мен аудан әкімі
Қолтықтап төрге шығарып,
Ақ киіз төсеп атасын,
Қолдарын жайып шетінен,



Сұрады берер батасын.
Сонда тұрып Абылай:
– Қолдай көр! – деп, а, Құдай! –
ел-жұртына қаранып,
Сақал-мұртын таранып,
Ағылып тұрды, о, тоба-ай!
– Ақ батамды тыңдаңдар!
Қиындықтан қыңбаңдар!
Тәуелсіздік тізгінін ұстап,
Ғарышкерлердей зырлаңдар!
Елу елдермен иық тірескенде елің,
Елу аудан санатында болғай,
Қырандардың қанатында болғай,
Жерұйығына Асан ата аңсаған,
Арындап шеттен баратын болғай!
Кеңейсін кербез керегең,
Көбейсін ұл-қыз, немерең,
Абыройың асып-тасысын,
Қалаға қастер, бедел ең!
Жарқырап жахбұт жан-жағың,
Алға тарт, аудан, Алмалым!
Тоқырап бір де тұрмасын,
Өндіріс өрлеп, зырласын!
Кеңейіп, көктеп, кәсібің,
Кенелсін кеулеп несібең!
Жарыста маңдай болғайды –
Алмалы атты есімің!
Әумин!

Мыңбай Рәш,
ақын, сатирик, әдебиеттанушы,
Қазақстанның еңбек сіңірген
мәдениет қызметкері

Zharar.kz

Балаңызды бақылап жүрсіз бе?

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ:

«Тәртіпке бас иген адам құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды».



Нұрабаева Шұға Тұрмаханбетқызы - Ордабасы ауданы білім бөлімінің басшысы:

Жеткіншек тура жолдан жаңылмасын ұрпағының болмыс - бітімін қалыптастыру, дүниетанымын жетілдіру мәселесі отбасынан бастау алады.

Әрбір ұлт өкілінің өз ұрпағын, өз ұлтының болмысына сай дамытып, жетілдіруі - бұл талдауға жатпайтын мәселе. Әр адам - адамзаттың жеке-дара өкілі болғанымен, өзіндік ерекшеліктерімен дараланады. Тұлғаның дамуы барысында отбасы мен мәдени ортаға лайықты оның дүниетанымы жетіледі. Адамдардың кейбіреулері «Дүниедегінің барлығы қарама-қайшылықта болады» деседі, енді біреулері «Әлемде үйлесімділік пен келісім болса, даму жоғары деңгейдегі жетістікке жетеді», - деп тұжырымдайды.

Бүгінгі күнгі жасөспірімдер тәрбиесі кімді де болса бей-жай қалдырмайды. Сабақтан бос кезінде оқушылар үйлерінде отырып білім алу қажет, алайда ата - ананың қадағалауынсыз қалғандықтан оқушылардың беймезгіл, түн ортасында себепсіз, босқа сандалып көшеде жүруі қылмысқа итермелейтіні анық. Жаз айлары балалар үшін қызықты

болғанымен, бұл уақытта ата - ананың бала алдындағы жауапкершілігі еселене түседі. Өйткені қолы бос, күндегідей сабақ жоқ. Осыдан достармен кездесу, ойынханаларды жағалау басталады.

Алайда, әрбір ата - ана баланың әр қадамын қадағалап отырғаны жөн. Бүгінде өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді елеңдетіп отырғаны рас. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз.

Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22.00 - ден кейін компьютерлік клубта отыруға және 23.00 - ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған. «Тәртіпке бас иген адам құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп Б.Момышұлы айтқандай, еңбек тәртібін сақтап, заңды құрметтеп, тыныш жүрсе, одан ешкім де ұтылмайды.

Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата - аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады.

Сондықтан елдің ертеңі – балаларымыздың болашағы жарқын болсын десеңіз, тәрбиені отбасынан бастағанымыз абзал. Құрметті ата – ана балаға бақылауды күшейтіңіз!

ӘЛІМҚҰЛОВ Нұртас Құрманұлы,
Ордабасы ауданы білім бөлімінің
тәрбие ісі жөніндегі әдіскері.
Түркістан облысы





Абдусамадтың арманы

— Болашақта Месси, Роналдо, Мародона, Пеле, Сейілда Байшақов, Тимур Сегізбаев сияқты мықты футболшы болу, менің арманым, - дейді кішкентай футболшы, Талдықорған қаласындағы «Білім - инновация» лицейінің оқушысы А. Ханалы. — Ал, мақсатым – сабақта жақсы және өте жақсы деңгей көрсету.

Абдусамад лицей футбол клубының құрамында ептілігімен, шеберлігімен командасының алға суырылып шығып, жеңіске жетіп танылуына ұмтылып келеді. Сабақтан бос кезде стол теннисін де қолдан бермей келеді.

Алматы қаласында туылып, әкесінің қызметіне сәйкес бірінші сыныпты Тараз қаласындағы №1 гимназиясында қазақ сыныбында бастады. Бастауыш сыныптағы ұстазы Садыбаева Индира Серікбайқызы шәкірттеріне бастауыш білімінің негізін қалап, олардың жан-жақты дамуына бар күш-жігерін арнай білді. Отбасындағы балалардың қалаған ісімен айналысуына ата-ананың қолдауы аса қажет. Бастауыш сыныпта - ақ Абдусамад суға жүзу, шахмат, футбол үйірмелеріне қатысты. Ал 2, 3, 4 сыныптарды әкесінің қызметі ауысуына орай Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласындағы «Ақылтай» мектебінде оқуын жалғастырды. Бішкек қаласына келген соң да спорттан қол үзбеді. «Avangard-Kids» спорт клубындағы суға жүзу жарысында (2020 жылғы 29 қараша) бірінші орынды иеленді.

Абдусамадтың ата – анасы бауырларымен Астана қаласына көшіп келгеннен кейін де «Derby» футбол командасында жаттықты. Футболға бар ықыласын аударып, командалық жарыстарда үздік ойын көрсеткені үшін команданың бас бапкері М.Абдыхамидовтан мақтау қағазын алды. Астана қаласындағы жасөспірімдерге арналған «Астана жастар футбол командасына» қабылданды. Атбасар, Қарағанды қалаларында ұлдар арасында футболдан өткен жарыстарда жүлделі орынға ие болды.

Ханалы Абдусамадтың әкесі Ханалиев Жасұлан Рахымбайұлы, анасы - Ханалиева Ләззат Мақажанқызы жоғарғы білімді, бірнеше тілді меңгерген ұстаз, әрі екінші мамандығы бойынша экономика саласының маманы. Үш баланың анасы. Ең үлкені Абдусамад. Еркежан Астана



қаласындағы Шейх Тәмиб бен Хамад әл-Тәни атындағы №85 орта мектептің 6 сыныбында оқиды. Эстетикалық топтық гимнастикадан көптеген жарыстарға қатысып, топ жарып келеді. Қалалық және Республикамыздың облыс орталықтарына барып, жүлделі орынмен келіп жүр. Халықаралық көркем гимнастикадан өткен байқауларда жүлделі орынды иеленуде. Ең кішкентай қарындасы Рахымбай Гүлбақыт Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық хореография академиясының бірінші сынып оқушысы.

Абдусамадтың атасы Ханалиев Рахымбай – елімізге танымал фототілші, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Өмірінің соңына дейін республикалық «Қазақстан-ZAMAN» халықаралық газеті бас директорының орынбасары қызметін атқарды. Әжесі Айтбаева Априза - философия ғылымдарының кандидаты, профессор, «Қазақстанның құрметті журналисі».

Дегенмен, адам өмірі, өзгеріссіз болмайды. Мүмкін өсе келе өзгерер. Қазіргі білім алып отырған лицей ұстаздары да Абдусамадтан үлкен үміт күтеді. Біз де жас футболшыға жолың болсын дейміз!

(Өз тілшімізден).



Мен қазақ қыздарына
қайран қалам,
Жанары жаны жаздай
жайрандаған.
«Қыз өссе-елдің көркі»
деген сөзді,
Қапысыз қалай айтқан
қайран бабам...

**Исраил Сапарбай, қазақ
ақыны, драматург,
аудармашы, сазгер.**

ҚЫЗ ҚЫЛЫҒЫМЕН КӨРІКТІ

Қазақтар үшін отбасы – өмірдің негізі. Отбасылық қарым-қатынас, бала тәрбиесі, туыстық байланыс қағидасы – осының бәрі қазақ халқының ерекше әдет-ғұрып, салт-дәстүрінде көрініс тапқан. «Жеті ата» қағидасы, оған сәйкес адам ата-бабасының жеті ұрпағын білуі керек, сонымен қатар тектің аталық тегі бойынша жалғасын көрсетеді. Балаларды тәрбиелеуде ерекше ережелер болды, ал баланың өміріндегі маңызды оқиғалар қазақтың өзіндік салт-дәстүрлерімен сүйемелденді. Халқымыз ерте кезден-ақ адамгершілікті, әдепті бағалай білген. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі, ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала қайда болса да, келін болғанда да көрегенділігін көрсетеді.

Әйел өмір бойы, кейде бір мезгілде бірнеше әлеуметтік рөлдерді атқарады. Әйел - анасы да, әйелі де, әпкесі де, қызы да... Қазіргі қазақ әйелдері отбасы мен әлеуметтік жағдайды үйлестіруді үйренген. Дәстүрлі құндылық бағдарлары отбасында өте берік, қазіргі қазақ әйелі дәстүрдің беріктігін елемеге болмайды. Ол ана, күйеуінің жақсы кеңесшісі, бірақ сонымен бірге белсенді әлеуметтік позициясы бар. Қазақ халқы әрқашан қыздарына, олардың сұлулығына, ақылдылығына және ержүрек келбетіне тәнті болды. Ұлы Дала әйелдері қазақ мемлекетінің қоғамдық-саяси иерархиясында ерекше мәртебеге ие болды.

Бүгінгі таңда, ХХІ ғасырда әйелдің иығына түскен үлкен психологиялық жүктемелер оған жаңа міндет қояды: оған төтеп беру, аман қалу, өзін, балалары мен жақындарын құтқару, оларды ықтимал қиындықтар мен қиындықтардан қорғау. Бұл жерде әйелдің рухани болмысында, моральдық қағидаларында, сыртқы түрі мен киімінде көрінетін жоғары күштерге деген беріктігі мен сенімі маңызды рөл атқарады. Жалпы қыздың тағдыры оңай емес, осы тақырыпқа сай Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Қазақ аналары - дәстүрге жол» жобасының негізін қалаушы, актриса және 4 ханзаданың анасы Айнұр Жүгінісовамен кездесу кеші өтті.

Кездесу барысында Айнұр Жүгінісова тақырып төңірегінде ой қозғап, жас ұрпаққа дәстүрді сақтай отырып тілімізді, дінімізді, тарихымызды сақтайтынымыз туралы біршама өсиеттер айтып кетті. Қазіргі қоғамдағы жас қыздардың ой-пікірлерін дұрыс жеткізу керектігін, ата-ананың тәрбиесін дұрыс қабылдауын және де тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізіп, отбасы құндылықтарын насихаттау керектігін айтып өтті. Қазіргі заманғы мәдениет дәстүрлі қоғаммен салыстырғанда өмірлік стратегиялардың едәуір үлкен таңдауын беретініне қарамастан, қазіргі қазақ әйелдері үшін отбасы басты бағдар болып қала береді. Қазақ қоғамы дәстүр бойынша, бүгінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан көптеген дәстүрлерді сақталып келеді. Қазіргі қазақ үшін отбасылық салт - бұл күнделікті өмір болып саналады. Жалпы шараның мақсаты: қазақ салтындағы қыздарға қойылатын қырық жерден тыйымдарды айта отырып, қазақ қызы деген атқа лайық болуға, ақ жаулықты аналарымыздың пікірлерін тындау арқылы қазақ қыздарын тәрбиелеу. Шараға «Қазақ аналары - дәстүрге жол» жобасының мүшелері, ақ жаулықты әжелер, колледж студенттері және оқырмандар қатысты. Шара соңында кітапхана директоры Гүлжайнар Нәренқызы «Қазақ аналары – дәстүрге жол» жобасының төрайымына және мүшелеріне ризашылығын білдіріп, алғысын айтты. Осылайша, қазіргі қазақ қоғамының даму әлеуеті негізінен өз мәдениетін, ата-баба дәстүрлерін шынайы құрметтеуге негізделген.

Сондықтан осы уақытқа дейін қазақстандық қоғамды дәстүрге бағдарланған қоғам ретінде қарастыруға болады. Қыз бала мен ұл баланың бірін-бірі жақсы түсінуіне, бірін-бірі сыйлауына, бір-біріне қамқор бола білуіне, қыздарымызды-қылықты, ұлдарымызды-ұлағатты етіп тәрбиелеуге септігі мол болары сөзсіз.

**Аяжан Утепбергенова,
Сағи Жиенбаев атындағы
Ақтөбе облыстық жасөспірімдер
кітапханасының кітапханашысы, Ақтөбе қаласы**



Химия – тұрмыс-тіршілігіміздің мәні

Қасым-Жомарт Тоқаев, Мемлекет басшысы

«Ұлттық экономиканың стратегиялық қуатын арттыру үшін тез арада қайта өңдеу ісінің жаңа салаларын дамыту қажет. Бұл қара және түсті металлургия, мұнай химиясы, көлік құрастыру және машина жасау, құрылыс материалдары мен азық-түлік өндіру және басқа да салаларды қамтиды».

(«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауынан. 2020 жылғы 1 қыркүйек)

Мен – ұстазбын. Химия пәнінен сабақ беремін. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің «Химия және химиялық технологиялар» факультетін тәмамдадым. Өзіме ұстаздық еткен ұнайды. Әдетте, химия пәнін қиын деп те айтады. Деседе, біздің бүкіл өміріміздің азығы осы химия өнеркәсібінде жатыр. Сондықтан, бұл пәнді оқытуда креативті дүниелерді шәкірттерге барынша ұқтыруға ұмтылу дамын. Біздің өміріміз тұтас химиядан тұрады. Қай сала болмасын, химия элементтерінсіз өнім шығара алмайды. Химия -география, биология, физика сияқты жаратылыстану ғылымдарының бірі.

Ғылым салаларының бұлай байланысып жатуы дүниенің біртұтастығынан, оны оқып білуге әр жағынан келуге болатындығын көрсетеді. Мұны химия пәні арқылы оқушыларға үйретіп, оқытамыз. Әр шәкірт химия пәнінің маңызын пән арқылы оқып, түсіне білгені абзал. Сол себепті, әр сабағымда оқушылармен сұрақ-жауап, сұқбат, тренинг сабақтар арқылы химияның тарихы мен бүгінгі дамуы туралы пікірлесеміз.

— Айтыңдаршы! Химиялық қосылыстарды өңдейтін қандай өнеркәсіп?

Оқушы: — Ұстаз, оны «Химия өнеркәсібі» деп атайды.

— Дұрыс. Өздерің бәрін біледі екенсіңдер. Енді химия өнеркәсібінің салаларалық байланыстарын білесіңдер ме?

Бұл сұрақтың жауабын барлық шәкірттерден сұрап шығамын. Химия өнеркәсібі - ауыр өнеркәсіптің жетекші салаларының бірі, еңбек заттарын (шикізаттар мен материалдарды) өңдеуге, негізінен химиялық әдістерді баса қолданатын өндіріс салаларының кешені. Жалпы алғанда, оқушылардың барлығы дерлік ауыл шаруашылығы саласын жақсы біледі. Ауыл шаруашылығы - яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сонымен қатар оның құрамына балық аулау, аңшылық және омарта шаруашылығы да кіреді. Ауыл шаруашылығының жоғарыдағы қай саласын алсақта, жемшөп, басқа да мал азығына қажетті қоспалар химиялық қосылыстармен дайындалады. «Энергетика»,

«Машина жасау», «Құрылыс», «Көлік», «Жеңіл өнеркәсіп», «Металлургия» салалары арқылы жасалатын халық тұтынатын тауарлар, бұйымдар, ұшақтар мен тік ұшақтар, көліктің түрлі маркасы қажетті заттар толығымен химиялық қосылыстарды пайдаланады.

— Қане, айтыңдаршы, химия пәні нені зерттейді?

Оқушы: — Химия пәні материя қозғалысының химиялық формасын зерттейді. Химия дегеніміз заттардың құрамын, құрылысын, олардың бір түрден екінші түрге айналуын және осы айналу кезінде байқалатын құбылыстарды зерттейтін ғылым.

Міне, сабақ сайын өткен тақырыпты пысықтап алған соң, жаңа тақырыпты бастаймыз. Айталық, мен сабақ беретін 8-сынып химия пәнінде «Табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар», «Металдардың жемірілуі және оның алдын алу», «Металдардың белсенділік қатары», «Отынның жануы және энергияның бөлінуі», «Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар. Химиялық реакциялардың жылу эффектісі», «Сутек, алынуы. Сутектің қасиеттері және қолданылуы», «Оттек, алынуы», «Озон. Аллотропия» атты сабақтың тақырыптары оқушыны қызықтырады. Тәжірибе сабақтарын өткізу оқушыларға өте қызық. Оған өздері қатысып, талдайды.

Өз пәнімді шәкірттеріме оқыта отыра, болашақта Отандық химия өнеркәсібін дамытатын мамандықтарды тандауды да ұсынамын. Бәсекеге қабілетті Мемлекет болып, дамыған елдер қатарынан көрінуіміз үшін елімізге сауатты, білімді, білікті мамандар өте қажет. Айталық, елімізде химия өндірісін іске қосу үшін Атырау, Тараз және Павлодар қалаларында Арнайы экономикалық аймақтар құрылды. Химия өнеркәсібі Қазақстан үшін стратегиялық маңызға ие.

МАХАНОВА Қарлығаш Асқарқызы,
Алматы қаласы, Наурызбай ауданы,
№207 мектеп-лицейі химия пәнінің мұғалімі



**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт
Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының
Президенті:**

«Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы, діңгегі. Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі барша білім саласы қызметкерлерінің бой түзер бағдары болуы тиіс. Еліміздің жастары өзін жеке тұлға ретінде дамытумен қатар мемлекеттің озық инновацияларға сай өркендеуіне зор үлес қосуы қажет. Бұл – қазіргі білім және тәрбие беру үдерісінің алдында тұрған маңызды міндет. Отандық білім саласы туған жеріңе, қоршаған ортаңа, өз тарихыңа құрметпен қарауға тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі тиіс».

(19 тамыз, 2019 жылы Тамыз кеңесінде сөйлеген сөзінен).

Тәрбие талбесігі – ата-ананың мейірімінде

Жаңа заман алабында жаңа технологиялардың дамып келе жатқан үрдісінде бала тәрбиесі бақылау мен қолдауды қажет етеді. Осы тұста бала тәрбиесіне жауапты отбасы мен мектеп, тәрбиелеу мен білім беруді ұлттық құндылықтар негізінде ұйымдастырып, тәрбие дәнін өз деңгейінде еге білгені абзал. Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы зиялылар бас қосқан жиындарда бала тәрбиесіне айрықша тоқталады.

—Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал. Оқушылар мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуы керек. Отаншылдық және мемлекетшілдік қасиет әр баланың бойынан табылуы қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелейтін патриоттық ұйымдардың жұмысын жандандырған жөн, — деп «Әділетті Қазақстанның» нағыз Отансүйгіш азаматын тәрбиелеуге барша қоғам болып атсалысу қажеттілігін міндеттеді.

Бұл міндетке ең алдымен мектеп мұғалімдері мен ата-аналар бірлесіп, шәкірттерді жаңа заман талаптарына лайық білім бере отырып, ұлттық тәрбие мәйегімен қанықтыруды басты міндеттерінің бірі санайды. Сол себепті, «Ордабасы» жалпы орта мектебінің ұстаздары мен ата-аналары «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын» құрып, бірлескен іс-шаралар өткізуде. Әр сыныптың ата-анала-

рымен ақылдаса келе, өткізілетін тәрбие сабақтарының тақырыптарын белгіледік. Орталықта барлық ата-аналар мен сынып жетекшілері, пән мұғалімдерінің бірлесуімен оқу жылы бойына өткізілетін шараларды нақтылап алдық.

Мектебіміздегі игі істерді ұйымдастырушы, ұйтқысы болып, жаңашыл бастамаларды ұстаздар тәжірибесіне қолданып, білім беру мен тәрбиелеуге пайдалануды үнемі қолдап отыратын мектеп директоры АТАШ Ағайбек Орташұлының іскерлігін де атап өткеніміз жөн. А.О.Аташ мектебімізді 2011 жылдан бері басқарып келеді. Шәкірттердің білім сапасының талапқа сай болуы – мектептегі әр ұстаздың біліктілігі мен жаңашылдығына байланысты. Мектеп директорының басқарудағы іскерлігі – мұғалімдерді ұйымшылдыққа үйретіп, өзара сыйластық пен білімді шәкірт тәрбиелеуге арналып келеді.

Орталық жанынан «Даналық мектебі» клубын құрдық. Клубта «Аталар өсиеті», «Әжелер даналығы», «Ағалар қамқорлығы», «Аналар, жеңгелер» клубы жұмыс істейді. Әр мектептің алдына қойған мақсаты, атқаратын міндеттері бар. Қай мектеп болса, тарихы тереңде жатқан ұлттық тәрбиені басшылыққа ала отырып, бүгінгі жаңа заман ұрпағын тәрбиелеуде жаңашылдық бастамасын негізге алады. Балалар мен жасөспірімдер арасында өткізетін әр тақырыптағы әңгімелесу, қазақ зия-

лыларының өмірлік ұстанымдары, тұлғалар тәлімі, жастардың жаңашылдық өнегесі айтылады. Балалар даналығына қаныққан әр жас ел ертеңі үшін аянбай адал еңбек етіп, тер төгетін азамат болады деп білеміз.


Олар бүгіннен бастап, жаңа заман білімінен нәр алып, Қазақстанды әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері қатарына қосуға бар күш-жігерін, білімі мен тәрбиесін жұмсайтын жастар деп сенеміз. Мектепте алған білімін жаңа мамандықтармен ұштастырып, IT саласының, Роботты техниканың, логистика мен цифрлық ақпарат саласын басқара алатын дәрежедегі жоғары білімді, білікті, өз ісінің шеберлері деп үміт артамыз. Осы айтылған қағидаға лайық шәкірт оқыту – мектеп мұғалімдеріне жүктелсе, адамгершілігі мол, адал, турашыл азамат тәрбиелеу – еліміздегі әр отбасының – мемлекет алдындағы міндеті.

**ЕСАЛЫ Салтанат Сүйіндікқызы,
директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары**

**ЕРҒАРА Жұлдызай Әбдірханқызы,
мектеп психологы**

**БЕГАЛИЕВА Құралай Кулымбетқызы,
мектеп тәлімгері**

**«Ордабасы» жалпы орта мектебі,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы**



Биыл Жошы ұлысының құрылғанына 800 жыл. Мемлекеттік деңгейде аталып өтілетін атаулы дата аясында атқарылатын жұмысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіндегі сұхбатында айтқан болатын.

Жошы ұлысына 800 жыл - 10 дерек

«Мемлекеттілігіміздің тамыры тым тереңде жатқанын әйгілейтін осы айтулы датаға орай кең ауқымды зерттеулер қолға алынады. Биыл Қазақстан тарихының көптомдығын әзірлеу жұмыстарын да аяқтаймыз. Бұл – өзімізден 200-ден астам, шетелден 60-қа жуық маман жұмылдырылып, тыңғылықты жасалып жатқан үлкен шаруа», - деді Президент.

Осыған орай Жошы ұлысы туралы 10 дерек ұсынамыз. Материал тарих ғылымдарының докторы, профессор Берекет Кәрібаевпен кеңесіп, әзірленді.

ABN TV DIGITAL QAZAQSTAN

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ 800 ЖЫЛ 10 ДЕРЕК

- I.** Жошы – Шыңғыс ханның алғашқы әйелі Бөртеден шамамен 1182 жылы туған үлкен ұлы.
- II.** Шыңғыс хан Бөртеден туған төрт ұлына барлық жерін үлеске бөлгенде Жошының еншісіне Ертіс өзенінен бастап батысқа қарай Қыпшақ даласы түгел тиеді.
- III.** Жошы ұлысы – Жошының өкесінен басқаруға алған мекелік жерінің атауы. Астанасының бірі – Сарайшық қаласы.
- IV.** 1227 жылы Жошы хан Орталық Қазақстан аумағында аң аулап жүріп, өкесі Шыңғыс ханнан жарты жыл ерте қайтыс болады.
- V.** Жошы хан кесенесі бүгінге дейін Орталық Қазақстандағы Ұлытауда тұр.
- VI.** Жошы ұлысы 1236-1242 жж. Жошының екінші ұлы Батудың «Батысқа жеті жылдық жорығы» нәтижесінде батыста Дунай өзеніне дейін кеңейеді.
- VII.** Жошы ұлысы 1269 жылғы Талас құрылтайынан соң жеке мемлекет болып, Алтын Орда аталды деген ғылыми тұжырым қалыптасқан.
- VIII.** Алтын Орда Шығыс Еуропаның Орал тауларынан Днепр өзенінің оң жақ жағалауына дейінгі жерлерді алып, Сібірге терең бойлады. Оңтүстігінде Қара теңізбен, Қапқаз тауларымен және Персиямен шектесетін аумақты алып жатты.
- IX.** Жошы ханның екінші ұлы – Бату ханның ұрпақтары Алтын Ордада 1227-1359 жж. (Берке ханның 1256-1266 жж. билігімен қоса) 132 жыл билік құрды.
- X.** Жошы ұрпақтары – Керей мен Жәнібек хандар Жошы ұлысының сол қанатында XV ғ. ортасында Шу бойындағы Қозыбасыда Қазақ хандығының негізін қалаған. Қазақ хандары мен сұлтандары – Жошы ұрпақтары.

JOSHY HAN

Әлемдегі ең әдемі ауыл

Еуропадағы Австралия елінде шап-шағын Гальштат деген ертегідей, табиғаты сұлу да кербез ауыл бар. Бұл мекенді көптеген бұқаралық ақпарат құралдары әлемдегі ең ғажап ауыл деп таныған. Гальштат ауылының ерекшелі орасан. Алақандай ауылға жыл сайын миллиондаған туристер табиғаттың сұлулығын тамашалау үшін келеді. Бұған қоса, Гальштат – әлемде әлеуметтік желіге ең көп суреті салынған жерлердің бірі. Сол себепті де, бұл жұмақ мекенінен саяхатшылар арылмайды.



Халқы 800-ге жуық ауыл екі тау мен өзеннің ортасында қысылып тұрғандықтан жер көлемі кішкентай. Адам жерлеуге жер тапшы. Бұрындары марқұмдардың сүйегін он жылдан соң қазып алып, шіркеуге я сүйекханаға апарып қоятын болған. Қазір крематорий арқылы жерлеу мәселесін шешіп отыр. Дәл осы Австралия ауылына қызыққан Қытай 900 млн долларға Гуандун провинциясына «китайский» Гальштатты салған. Қытайлық Гальштаттың әдемілігіне қызыққаны соншалық тура көшірмесін салды. Қазір әлемде екі Гальштат бар, бірі австралиялық, екіншісі қытайлық. Сонда да жиһанкездер көшірмесіне қарағанда, нағыз таңғажайып ауылдың өзін көргісі келеді.

Гальштат ЮНЕСКО-ның мәдени мұрасына енген ауыл. Бұл жер Еуропадағы ең ежелгі аймақ саналады. Гальштат жайлы мыңдаған деректер бар. 19 ғасырға дейін Гальштат ауылына тек қайық арқылы келуге болатын. Кейін Австралия билігі таулардың астын тесіп, тунел жасап, бұл жерге көлікпен келуге мүмкіндік жасап берген.

Табиғаттың бар сұлулығын өзіне жинап алған Гальштаттың бар мәселесі тек жер аумағында. Өйткені мұнда өлі адам тұрмақ, тірі жан жерге сыймай қалуы мүмкін. Ал бұл ауылдың халқы жер ауыстырғысы келмейді.

Жүктеген:
Оразкүл Бақытжан,
Halyqline.kz



Халық саны жағынан ең үлкен ауыл

Қазақстандағы ең үлкен ауыл қайда орналасқан? Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданының орталығы – Бейнеу ауылы. Ауылдың іргесі 1963 жылы қаланған. Ауыл әкімдігін құру туралы Маңғыстау облысы әкімдігінің 1999 жылғы 06 ақпандағы №129 шешімі негізінде Бейнеу селосы құрылып, 29 қараша 1999 жылдан бастап селолық әкімшілік аппараты қызметіне кірісті. Ауылдың жалпы аумағы: 50822,0427га Тұрғын үй саны – 12 332. Халықтың саны – 56 092 адам. Ауыл халқы негізінен кәсіпкерлік және шаруа қожалықтарымен айналасады.

Әлеуметтік нысандарға келетін болсақ, 11 жалпы білім беретін орта мектеп, оннан аса бөбекжай, жеке меншік балабақша, қосымша білім беру орталығы, колледж, 1 аурухана, емхана, жеке емхана, он бес аурухана бөлімшесі мен медициналық ұйым, мәдениет үйі, өнер мектебі, кітапхана, мұражай, 2 спорт мектебі мен стадион, 12 шағын футбол алаңы, ішкі істер бөлімі, 5 полиция учаскесі бар.

Ауылда жиырма жеті жыл ауыл әкімі болған Әзірханов Басшы атындағы мешіт бар. 2020 жылы 6 шілде

күні «Анаға тағзым» «Білеулі» керуен сарайы, ескерткіштері ашылды. Ескерткіш Маңғыстаудың төл перзенті, Бейнеулік сәулетші Салаев Болатбек Еркебайұлының туындысы.

2021 жылы қазан айында «Білезік», «Алтын сақа» ескерткіштері ашылды. «Анаға тағзым» ескерткіші арқылы Ананың балаға деген мейірімділігін бейнелейді. Әйел бейнесі арқылы қазақ қыздарының инабаттылығын, биязылығын, қазаққа тән мінезін сипаттайды. Білеулі керуен сарайы – XIV ғасырдан сақталған сәулет өнерінің ескерткіші. Жібек жолының бір тармағы, Ноғайлы жолының бойында, Қарақалпақстан Республикасы, Үстірт бөлігінде орналасқан. Орта ғасырда Ноғайлы жолы Сарайшық қаласынан Хиуаға дейін, Арал мен Каспий теңіздері аралығындағы Үстірт арқылы өткен. Солтүстік пен оңтүстікті жалғастыратын керуен жолы болғандықтан, оның бойына әрбір 25 шақырым сайын керуен сарайлар салынған.

Ұлттық нақышта күміс және алтын түстермен ою өрнектеліп, асыл тастармен көмкерілген – білезіктің бейнесі темір металлдан (сталь) жасалған. Бейнеулік мүсінші, шебер Нұрекешов Айтбай Құлтанұлының Ұлттық нақыштағы «Күміс білезік» «Алтын сақа», туындылары.

Бейнеу ауылының әкімшілігі



Биыл тойланатын атаулы күндер мен мерейтойлар

2024 жылы елімізде қандай атаулы күндер мен мерейтойлар атап өтілетінін назарларыңызға ұсынамыз, - деп хабарлайды farabiashakirti.kz Qazaqstan tarihu порталына сілтеме жасап.



Александр Затаевичтің туғанына – 155 жыл

Қазақстанның халық әртісі, этнограф, музыка зерттеушісі, композитор Александр Затаевич 1869 жылы Ресейдің Орел облысында дүниеге келген. Ол алғашқы музыкалық білімін сол Орел қаласындағы әскери гимназиядан алған. Біраз жыл бойы Варшава консерваториясы жанынан шығатын «Варшава күнделігі» аталатын газетте музыка рецензенті қызметін атқарып, орыс, батыс классиктерінің шығармаларын, сондай-ақ халық музыкасын насихаттаумен айналысқан.

Ол алғаш рет қазақтың халықтық музыкасы шығармаларымен 1920 жылдың басында, Орынборда жүрген кезінен-ақ таныса бастайды. Сол кезеңнен бастап А. Затаевич өзінің болашақ қызметін аспаптық мұраларын тамаша үлгілерін жинау, оны насихаттаумен тығыз байланыстырады. Ол жатақханаларды, мектептерді, құрылыстарды, орта дәрежелі оқу орындарын, казармаларды аралайды, съезге, конференцияға, кеңестерге келген қазақтардан ән жазады. Базар, театр, концерт орындарының фойелерінде кездескендердің бәрінен де жазып алады. Бала жасынан кіршіксіз еститін құлағы жасы елуден асқанша көрмеген елдің музыкасын жаза баспай нотаға түсіруге мүмкіндік береді.

Бірақ, өмірін музыкаға бағыштаған А.В. Затаевич әнді қалада отырып тек кездейсоқ келгендерден жазып отыруды жөн көрмеді, елге шығады, Жайықтың бойын, Сыр, Ертіс өзендерін, Бөкей, Қарқаралы далаларын аралайды. Замандар бойы жабылып жатқан қазақтың ән қазынасын көтереді. Қазақтың көл-көсір мұрасын жинақтауды өзіне парыз санаған жанның бірі. Ұлты басқа болса да, жер орта жасқа келгеніне қарамастан, 1920 жылы қиын-қысталаң кездерінде кездескен көлік атаулымен, болмаса, жаяу-жалпы аралап, халқымыздың ән-күйлерін музыка белгілерімен (нотамен) хатқа түсірген.

Мұхамеджан Тынышбаевтың туғанына – 145 жыл

Мұхамеджан Тынышбаев – теміржолшы, ағартушы-ғалым, саяси-қоғам қайраткері, Алашорда қозғалысын құрушылардың бірі және Ала-

шорда үкіметі төрағасының орынбасары, Түркістан автономиясының премьер-министрі Мұхамеджан Тынышбаев 1879 жылы 12 мамырда бұрынғы Жетісу облысы Лепсі уезі, Мақаншы-Садыр болысындағы Жыланды тауының баурайында Әлдекеұлы Тынышбайдың отбасында дүниеге келген. 1890 жылы 14 тамызда Верный қаласындағы Ерлер гимназиясына оқуға қабылданған.

1900 жылы гимназияны үздік аяқтап, император I Александр атындағы Жол қатынасы инженерлері корпусы институтының студенті атанады. 1900–1906 жж. Санкт-Петербургтағы Жол қатынасы инженерлері корпусы институтының студенті болып жүрген кезінде түрлі тарихи жағдайлардың куәсі болды. Бұл жылдарда (1900–1906 жж.) монархиялық билікке қарсы саяси, әлеуметтік-экономикалық талаптағы наразылықтардың, халық толқуларының жандануымен ерекшеленеді. Осы көріністердің барлығы жас студентке өз дәрежесінде әсер етіп, оны толғандырған қалың ойдың жауабының табылуына, біртіндеп қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптаса бастауына жол ашты.

Студент шағында баспасөз беттерінде отарлық билікті аяусыз сынайтын уытты мақалалар жазып, ел ішінде үкіметке қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен айналысты. Сонымен бірге патша билігіне оппозициядағы орыстың түрлі партияларына (конституциялық-демократиялық және социалист-революционерлер партиялары), түрікшіл және мұсылмандық қозғалыстарға да қатысады. Оның осы кезде жазылған атақты «Қырғыздар және азаттық қозғалысы» деген баяндама-мақаласы империя жандармериясының соңына тыңшы қоюына әкелді. 1907 жылы Жетісу облысының мұсылман халқы атынан II Мемлекеттік Думаға сайлануы, оның сол кезеңде-ақ халық алдындағы беделі мен сенімге ие болғанын көрсетеді.



Кенен Әзірбаевтың туғанына - 140 жыл

Кенен Әзірбаев 1884 жылы қазіргі Алматы облысы Жамбыл ауданы Мәтібұлақ ауылында туған. Өзінің тырнақалды туындылары «Ри, қойым», «Бозторғай», «Көкшолақ» әндері осы жерде туған. Кенен 10 жасында қолына домбыра алып ән салған. 11 жасқа келгенде тұңғыш әні «Ри, қойым», 13 жасында «Бозторғай» әнін шығарған. Содан кейін Кенен есімі халық арасында кең тарай

бастайды. Бала Кенен қазақ пен қырғызға танылып, «Боздаланың бозторғайы» атанған. Кенен Әзірбаев – 200-ге жуық лирикалық, дидактикалық арнау мен толғаудың авторы.





**Алаш қайраткері
Жүсіпбек
Аймауытұлының
туғанына - 135 жыл**

Жүсіпбек Аймауытов (1889—1931) — қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Туып өскен жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту», қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы.

Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндөбай мен Қуан атақ-абыройлы, бай, ел арасында білікті кісілер екен. Жүсіпбек жастайынан арабша хат танып, оқу үйренген. 1907 ж. бастап Баянауылдағы орысша-қазақша екі кластық мектебінде, Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауыл шаруашылық мектебінде, Керекудегі екі класты орыс қазақ мектебінде тиіп-қашып оқиды. Бір жағынан бала оқытып, қаражат табады.

Сәкен Сейфуллиннің туғанына - 130 жыл

Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин (1894-1938) қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, мемлекеттік қайраткері, Қазақстанның қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған.

Қарағанды облысы Ақадыр (қазіргі Шет ауданы) ауданы Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде, қалалық үш класты училищеде оқыған.

1914 жылы Қазан қаласында «Өткен күндер» деп аталған тұңғыш өлеңдер жинағын бастырып шығарған. Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» қауымы басшыларының бірі болған. 1917 жылы Бұғылыда мектеп ашып, орыс тілінен сабақ берген. 1918 жылғы сәуірде «Жас қазақ марсельезасын» жазып, 1 мамырда «Бақыт жолында» атты пьесасының беташар қойылымын көрсеткен.

Ақтар көтеріліс жасап, Ақмола совдепшілерін тұтқынға алған. Сәкен Сейфуллин атаман Анненковтың «запа вагонынан», 1919 жылғы сәуірдің 3-де адмирал Колчактың Омбыдағы түрмесінен қашып шыққан. 1920 жылғы мамырдың 7-де Ақмолаға қайтып оралып, атқару комитеті төрағасының орынбасары және әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болған. Осы жылғы қазанның 4-де Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасын жариялаған Кеңестердің Бірінші Құрылтай съезі делегаты болып қатысқан, Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болып сайланған. Жер-су комиссиясының жұмысына және баспасөз ісіне басшылық жасаған.




Глиас Жансүгіровтың туғанына - 130 жыл

Глиас Жансүгіров ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 1894 жылы Алматы облысының Ақсу ауданында дүниеге келген. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсты бітіріп, өз ауылында мұғалім болған. Одан кейін аз уақыт «Тілші» газетінде істеп, Верныйдағы

Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалды. Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтын бітірген, соң «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет атқарды. 1932-1934 жылдары - Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комиссиясының төрағасы, 1933-1936 жылдары Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің мүшесі болды. 1938 жылы саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.

Бейімбет Майлиннің туғанына - 130 жыл

Бейімбет Жармағамбетұлы Майлин (1894-1938) – қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Сауатсыздықты толық жою ұранын алға тартты «Сауаттылығы төмендерге арналған оқу кітабын» (1929); «Күш» - сауаттылығы төмендерге арналған оқулықты (1930); «Жаңаша оқы және жаз» құралын (1931) және Ғабит Мүсіреповпен және А. Ситдықовпен бірге «Сауатсыздарға арналған әліппені» (1935-1936) жазып шығарды. Туып-өскен жері – қазіргі Қостанай облысының Таран ауданы. Бір жасқа толмай жатып әкесінен, алтыға шығарда шешесінен айрылған. Жетімдік зардабын шегіп, байларға жалданады. Алғаш ауыл молдасынан оқып сауат ашқан. Бейімбет Майлин 1938 жылы 28 ақпанда дүниеден өтті.



Қаныш Сәтпаевтың туғанына - 125 жыл

Қаныш Имантайұлы Сәтпаев (12 сәуір 1899 жылы, Баянауыл ауданы, Павлодар облысы-31 қаңтар, 1964 жылы, Мәскеу) - геолог ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик. Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қа-

зақтан шыққан тұңғыш академик.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Семей губерниясының (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы) Павлодар уезінде Ақкелін болысының №4 ауылында туған. Ол 1911 жылы ауылдық орыс-қазақ бастауыш мектебінде оқып білім алғаннан кейін Павлодар қаласындағы орыс-қазақ училищесіне түсті. 1914 жылы оны үздік аяқтап, сол жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына студент болып қабылданған. Оны 1918 жылы тәмамдаған. Әрі қарай Семейде қалып, ауыл мұғалімдерін даярлайтын курста сабақ береді.

1921 жылы Сәтбаевтың өтініші бойынша Семей ревкомы оны Томск технология институтына жолдамамен жібереді. Ол тау-кен факультетінің геологиялық-барлау бөлімшесіне студент болып қабылданған. Оқу орнында инженерлік-ғылыми көзқарасы қалыптасып, 1926 жылы Сәтбаев диплом жұмысын үздік қорғап шыққан. Осылайша ол Республикадағы бірінші инженер-геолог атағына ие болды. Қаныш Сәтбаев 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеуде қайтыс болды. Алматы қаласында жерленді.

Қазақ археологі Әлкей Марғұланның туғанына - 120 жыл

Қазақстан археология мектебінің негізін салушы, ғылымның көптеген салалары: этнография, тарих, шығыстану, әдебиеттану, өнертану бойынша көрнекті қайраткер. Филология ғылымдарының докторы (1945), Бүкілодақтық География қоғамының толық мүшесі, Қазақ ССР ҒА академигі (1958), профессор (1960), Қазақ ССР ғылымының еңбек сіңірген қызметкері (1961). 1904 ж. 11 ма-

мырда Ақпегі болысында (қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы) дүниеге келген. Әкесі Хақан – атақты Олжабай батырдың тікелей ұрпағы.

Әлкейдің әкесі Хақан мен шешесі Нұрила көптеген халық ертегілері мен аңыздарын білген, үйде халық әндері мен Абай әуендері жиі шырқалатын. Әлкей бес жасында оқып, жаза білуді үйренді, бала кезінде «Қобыланды», «Алпамыс», «Көрұғлы», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» дастандарын жатқа білген. Хақанның шаңырағында белгілі ақын, ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Жаяу Мұса, Имантай Сәтбаев және қазақ даласына белгілі басқа да адамдар жиі бас қосқан.

Әбілхан Қастеевтің туғанына - 120 жыл

Кескіндемеші – график, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі, Қазақ КСР халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл. Қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы Әбілхан Қастеев Алматы облысына қарасты Жаркент қаласының жанындағы Шешін

ауылында туған. Еңбек жолын Топырақ теміржол құрылысында жұмысшы болып бастаған.

1929-1931 жылдары Қастеев Николай Хлудовтың көркемсурет студиясында оқыды. 1934-1937 жылдары білімін Мәскеу қаласында Крупская атындағы көркемсурет студиясында жалғастырды.

1942 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, 1944 жылы Қазақстанның халық суретшісі болды.




Ғарифолла Құрманғалиевтің туғанына – 115 жыл

Ғарифолла Құрманғалиев 1909 жылы 1-қаңтарда қазіргі БҚО, Қаратөбе ауданы, Ақкөл елді-мекенінде өмірге келген. Ол жастайынан әке-шешесінен айырылып, ағайын ағаларының қолында өседі. Бала күнінен ән өнеріне жаны жақын Ғарифолла өзінің талантымен талайды тамсандырып жүрген. Ол туралы естеліктерде оның орындауындағы халық

әндері асқақ та көркем әуезділігімен аспан биігіне самғап, әуелеткен сайын жан мен жүрек бітіп, ғаламат дауыс сазына дала кеңдігіне өзінің көңіл толқынысын бітістіре сыйғыза салатын. Ол аңырата, жамырата әнді төкпелеп жібергенде естушінің көз алдына арқыра шапқан арғымақтар мен қасиетті аруаналар даласының көркем келбеті оралады. Сарқырап аққан бұлақ-өзендердің, ағын сулардың дыбысы мен қырандардың көк аспанда қалықтап ұшқаны, көкті тіреген тау асқақтығы, азаткер асқақ жырдың иесі Махамбеттің өр өлеңдерінің атойы бар бояумен, жан дүниенің сырымен Ғарекеннің терең жүрегінің түкпірінен атылып шығып жатады. Ол салып кеткен әншілік мектептері басқаша орындаушылық шеберлік пен даралықты керек ететін қасиетке ие дейді көпшілік. Ғарифолла Құрманғалиев орындаған әндер әлі де халық құлағынан кете қойған жоқ. «Айнамақ», «Ақ кербез», «Боз жорға», «Үлкен айдай» және тағы басқа халық әндері Ғарифолладай өз әншісін іздейтіндігіне күмән жоқ.

Шәкен Аймановтың туғанына - 110 жыл

Шәкен Айманов 1914 жылы 15 ақпанда Павлодар облысы Баянауыл ауданы Айманбұлақ ауылында туған. Режиссердің өмір жолына көз салсақ, Шәкен Аймановтың кәсіби театрға жол тартуына қатысты жазушы Ғабит Мүсіреповтің есімі қатар аталады. Жазушы Шәкен Аймановты қойылымдарда ойнап жүрген кезде байқаған. Шәкен Айманов 1933 жылдан бастап қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы қазақ драма театрында жұмыс істеп, жүзден астам рөлді сомдайды. Олардың ішінде Петруччио («Асауға тұсау»), Хлестаков («Ревизор»), Қодар («Қозы Көрпеш – Баян Сұлу») және басқа да көптеген образ бар. Театрда бірнеше спектакль жүз реттен қойылды. Олардың қатарында Алек-



дағы қазақ драма театрында жұмыс істеп, жүзден астам рөлді сомдайды. Олардың ішінде Петруччио («Асауға тұсау»), Хлестаков («Ревизор»), Қодар («Қозы Көрпеш – Баян Сұлу») және басқа да көптеген образ бар. Театрда бірнеше спектакль жүз реттен қойылды. Олардың қатарында Алек-



сандр Островскийдің «Таланттар мен табынушылар», Ғабит Мүсіреповтің «Ақынның қасіреті» бар.

– Шәкен театрда істеген алғашқы жылдары шағын эпизодтық рөлдерде ойнады. Сонымен қатар бір жағынан Михаил Насонов ұстаздық еткен театр жанындағы актерлер студиясына қатысып жүреді. Осы студияда әртістік өнерді үйреніп, Станиславский еңбектерімен, орыс театрының тарихымен жақын танысады, деген халық әртісі Кәукен Кенжетәев. Шәкен Айманов ғұмырында 14 фильм түсіріп, 20-дан астам кейіпкердің рөлін сомдаған. Өзі соңғы рет түсірген «Атаманның ақыры» атты фильм көрермен қауымның жылы лебізіне ие болды. 1953-1970 жылдары аралығында Шәкен Айманов ұлттық киностудияның тұрақты жетекшісі және өзі ашқан Қазақстан кинематографистер одағының басшысы болды.

Шәкен Айманов 1970 жылы 23 желтоқсанда Мәскеу қаласында 56 жасында көлік қағып қайтыс болды.



Қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлованың туғанына - 100 жыл

Әлия Молдағұлова 1925 жылдың 15 маусымында Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Бұлақ ауылында дүниеге келген. Оның шын есімі – Глия. Әкесі Нұрмұхамет Сарқұлов бай баласы болғаны үшін кеңес үкіметі тарапынан қуғын-сүргінге ұшырайды. Анасы Маржан қызы Әлия, ұлы Бағдатпен жалғыз қалады.

Әлия 1942 жылы Ленинградтағы №46 мектепті бітіріп, Рыбинск қаласындағы авиация техникумына оқуға түседі. Осы жылдың 18 желтоқсанында аудандық әскери комиссариаттың жолдамасымен Мәскеудегі мерген қыздарды даярлайтын орталық мектепке қабылданады.

Әскери мектепті үздік бітірген Әлия өз өтініші бойынша 17 жасында 1943 жылдың тамыз айында майданға аттанды. Ол екінші Балтық жағалауы флотының 22 әскери тобы 54 атқыштар тобының бригадасы құрамында отан алдындағы борышын өтейді.

Әлия Молдағұлова 1944 жылдың 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники ауданы Казалиха деревнясы үшін болған соғыста фашист офицерінің қолынан қаза тапты.

Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына - 100 жыл

Рахымжан Қошқарбаев (1924—1988 жж.) – Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ азаматы, Халық қаһарманы (1999). 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Тайтөбе ақылына жақын орналасқан Қырыққұдық қыстағында дүниеге келген. Арғын тайпасы Қуандық руы Темеш бөлімінен шыққан. 1942 жылы әскерге алынып,



1944 жылы қазанда Фрунзедегі (Бішкек) жаяу әскер училищесін бітірген. 1944 жылы қазан айынан бастап I Белорусь майданындағы 150-Идрицк атқыштар дивизиясы құрамында взвод басқарып, Польша және Германия жерлеріндегі ұрыстарға қатынасты. Лейтенант Қошқарбаев Берлин операциясы кезінде асқан ерлік көрсетті. 30-сәуірде ол жауынгер Григорий Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті. Соғыстан кейінгі жылдары Эльба бойындағы кеңестік оккупациялық әскер бөлімінде қызмет атқарды. 1988 жылы 10 тамызда Алматы қаласында қайтыс болды.



Қойшығара Салғариннің туғанына – 85 жыл

Салғарин Қойшығара 1939 жылы 1 сәуірде Торғай облысының Көкалат ауылында туған. Еңбек жолын шопандықтан бастаған ол, ҚазМУ-дің филология факультеті журналистика бөлімін бітірген соң, 1964–

1965 жж. «Ауыл өмірі» газетінің редакторы, 1965–1971 жылдары Қазақ радиосының Қостанай облысындағы меншікті тілшісі, 1971–1975 жж. Торғай облыстық телерадио комитетінің редакторы болған. 1975–1990 жж. «Егемен Қазақстан» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, 1990–1993 жж. Әдебиет және өнер институтында қызметкер. 1993–1997 жж. ҚР Мемлекеттік хатшысының кеңесшісі, мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес хатшысының орынбасары, хатшысы, 1997 жылы Қазақстан Республикасының ҚХР-дағы Елшілігінде мәдениет жөніндегі кеңесші қызметтерін атқарған. ҚХР-да жүріп «Сиунну», «Дунху. Гаучы», «100 құжат», «Таным тармақтары», «Анықтамалық» атты кітаптарын жазды.



Автор: E-history.kz

СЫМБАТ - МҮСІН ДЕГЕНІҢ

Денің сау болса,
Жарлымын деме.
Жолдасың көп болса,
Жалғызбын деме.

Тазалық. — саулық негізі,
Саулық — байлық негізі.

Денсаулықпен тең түсер досың жоқ,
Дерт-кеселмен тең түсер қасың жоқ.

Ақшаны оңай табарсың,
Саулықты қайдан аларсың?!

Дәрі шөптен шығады,
Дана көптен шығады.

Емнің алды – еңбек.

Тазалық – денсаулық негізі,
Денсаулық – байлық негізі.

Асығыс піскен асты жеген ауру болады.

Бас пен дене аман болса, тілек кетпейді,
Ер аман болса, тілегіне жетеді.

Дос - жаран ауырып қалғанда,
Елемей селсоқ жүрерсің.
Әлекке ауру салғанда,
Қадірін жанның білерсің.

Bilimall.kz

ДЕНСАУЛЫҚ

Денсаулық ол – шыныққан,
Барлық денең мүшесі.
Денсаулық ол - тыныққан,
Жүйке тамыр жүйесі.
Денсаулық ол - күлуің,
Көңіл – күйің жадырай,
Денсаулық ол – жүруің,
Ешбір жерің ауырмай.
Қара айнаға, көресің,
Өзіңді – адам денесін.
Қол - аяғың, басың бар,
Бұған кеуде қосылар
- Құрылысың бұл сыртқы.
Көрінбейді жүрегің,
Өкпе, миың, бүйрегің
- Құрылысың бұл ішкі.
Сымбат - мүсін дегенің,
Бітім – көркі денеңнің.
Сымбат – жүру әдемі,
Дене қалпын тік ұстап:
Көтеріп сәл кеудені,
Иық жазып дұрыстап.
Түзу отыр, қисаймай,
Бүкіреймей, жантаймай.
Күш сап бас пен арқаға,
Жатып алма партаға.

Дереккөзі:

<https://www.zharar.com/kz/>

Суреттер:

«В контакте» желісінен алынды.





Farabi *shákirti*

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

Сегодня между Министерством науки и высшего образования РК и University of Oxford подписано соглашение, согласно которому планируется запустить преподавание казахского языка в Оксфордском университете.



КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК ПЛАНИРУЮТ ПРЕПОДАВАТЬ В УНИВЕРСИТЕТЕ ОКСФОРДА

Казахстанская делегация в лице министра науки и высшего образования РК, ректоров ведущих вузов Казахстана посетила один из престижных старейших вузов мира.

В ходе посещения учебного заведения Великобритании представителям делегации были представлены эксклюзивные древние рукописи Бодлианской библиотеки Оксфорда, относящиеся к Казахстану, а также проведена экскурсия по университету.

Во второй части мероприятия Sayasat Nurbek презентовал британцам первое издание словаря Oxford Qazaq Dictionary, разработанный по поручению Президента РК Касым-Жомарта Токаева.

– Язык – это большая ценность для нашего народа. Сегодня презентуя казахско-английский словарь Oxford Qazaq Dictionary, мы переступаем новый исторический порог. Благодаря этому о нашей культуре, народе узнает больше людей в мире. Мы развиваем казахский язык не только через бумажные носители, а также активно оцифровываем государственный язык, - подчеркнул министр.

Напомним, в конце 2023 года был выпущен казахско-английский словарь Oxford Qazaq Dictionary. Первое издание



содержит более 60 тысяч слов и состоит из 1300 страниц. Его 4 года создавали с участием специалистов института языкознания имени Ахмета Байтурсынова. В нём учтены актуальные изменения в лексиконе обоих языков, включая новости из сферы современной культуры и науки.

Кроме того, министр провел переговоры с одним из ведущих экспертов в мире по высшему образованию, заместителем по науке в Department of Education (University of Oxford) Майей Чанкселиани. Стороны обсудили три важных направления: программа научных стажировок, консалтинг по центрам академического превосходства, а также консультирование в сфере политики высшего образования.

Сайт Министерство науки и образования РК

Глава государства посетил футбольный центр FOOTLAB



Программу рабочей поездки Касым-Жомарта Токаева в Алматы открыло знакомство с деятельностью футбольного центра Footlab.

Президент был проинформирован о том, что новый центр начал работать в пилотном режиме, и 8 сертифицированных тренеров ведут подготовку 50 учеников. Учредитель ТОО Smart Football Мурат Медеуов рассказал, что в футбольной академии планируется тренировать до 1000 детей от 5 до 12 лет.





Footlab - это интерактивная футбольная площадка для любителей спорта, семейного отдыха и организации турниров среди детей и взрослых.

Footlab Алматы является португальской франшизой, с головным офисом в Лиссабоне. Данный проект создали известные португальские футболисты Руй Кошта и Криштиану Роналду совместно с инновационной компанией 7EGEND. В настоящее время франшиза Footlab продана в более чем 60 стран мира, алматинский центр был открыт третьим после Лиссабона и Дубая. Частные инвестиции в проект составили более 1,5 млрд тенге.

В течение текущего года центр планирует принять свыше 50 тысяч человек, а также провести турниры среди школьников города Алматы для популяризации спорта и здорового образа жизни. Инвесторы планируют развить сеть технологичных центров по всей стране.

Президент поручил ответственным органам оказать содействие в выделении земельного участка для развития детского спортивного проекта и поддержал инициативу построить аналогичный футбольный центр в Астане.

Касым-Жомарт Токаев пожелал юным футболистам успехов в будущем и оставил на память автограф на футболке.

г. Алматы
25 января 2024 года
Akorda.kz



Ребята, а вы задумывались сколько времени своей жизни человек стоит перед красным сигналом светофора? Каковы были критерии личной гигиены королевы Елизаветы I? Сколько детей на планете ежедневно отдают в роддомах не тем родителям? Читайте нашу подборку неожиданных, интересных и смешных фактов

• Ежегодно интернет-трафик растёт на 314000%.

• Три самых дорогих бренда на Земле в эпоху до интернета, в порядке убывания: Мальборо, Кока-Кола и Будвайзер.

• Если капнуть на скорпиона алкоголем, он тут же сойдёт с ума и ужалит себя до смерти.

• Каждый восьмой американец когда-либо работал в Макдоналдсе.

• 70% всех проданных в мире лодок используются для рыболовства.

• 300 лет назад средняя продолжительность жизни египтянина составляла 30 лет.

• Во сне вы сжигаете больше калорий, чем при просмотре телевизора.

• В 1778 году в Париже было модно носить на женской шляпке громоотвод.

• Сельдерей содержит отрицательное количество калорий: на то, чтобы его съесть, нужно больше калорий, чем в нём содержится.

• В 18-м веке английские игорные дома держали сотрудников, чьей единственной задачей было проглотить игральные кости в случае полицейской облавы.

• Первым продуктом, имевшим штрих-код, стала жвачка Wrigley.

• В городе Калама, что в чилийской пустыне Атакама, никогда не было дождя.

• 6 месяцев жизни человек проводит, стоя перед красным сигналом светофора.

• Первой бомбой, сброшенной союзниками на Берлин во Второй Мировой, убило слона в зоо-

парке.

• Миг – единица времени длительностью в одну сотую секунды.

• Если нажать крокодилу на глаза, он немедленно разожмёт пасть.

• Гудки большинства американских машин звучат в тональности фа-мажор.

• Термитов в мире в десять раз больше, чем людей.

• По весу гамбургер стоит дороже нового автомобиля.

• Кетчуп вытекает из бутылки со скоростью 30 километров в год.

• Диаметр звезды Бетельгейзе больше диаметра орбиты Земли вокруг Солнца.

• Объём Луны равен объёму воды в Тихом океане.

• Если бы человек прыгал, как блоха, он мог бы перепрыгнуть футбольное поле.

• Королева Елизавета I считала себя чистой и заявляла, что купается раз в три месяца, даже если не запачкалась.

• Рекордная длительность полёта курицы – 13 секунд.

• В Организации Объединённых Наций шесть официальных языков: английский, французский, арабский, китайский, русский и испанский.

• Сердце ежа бьётся 300 раз в минуту.

• Если бы в кока-колу не добавляли краситель, она была бы зелёной.

На этом список интересных фактов пришёл к концу. Ждите продолжения в следующем выпуске, друзья!

Источник: https://arm-ecogroup.ru/news/neozhidannye_interesnye_i_smeshnye_fakty/





В КАЗАХСТАНЕ СТАРТОВАЛА ИНФОРМАЦИОННО - ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ КАМПАНИЯ «КИБЕР ТҰМАР»

ЗАЩИТИМ ДЕТЕЙ В ЦИФРОВОЙ СРЕДЕ

Комитет по охране прав детей Минпросвещения РК совместно с ЮНИСЕФ Казахстана запустил масштабную кампанию «КИБЕР ТҰМАР, направленную на защиту детей в цифровой среде.

Цель этой инициативы – помочь детям сформировать безопасный пользовательский опыт в интернете и научиться справляться с потенциальными рисками.

«КИБЕР ТҰМАР» представляет собой комплекс информационных инструментов, включающий социальные плакаты с базовыми алгоритмами действий при различных угрозах, материалы с практическими советами экспертов, образовательные ролики и многое другое.

Кампания будет сфокусирована на таких онлайн угрозах, как кибербуллинг, домогательства к детям в интернете, нежелательный и запрещенный контент для детей, цифровые риски безопасности и конфиденциальности детей, детская интернет - зависимость и т.д.

— Интернет – средство не только информации,

но и коммуникации. Поэтому человека, начиная с малых лет, следует учить, как наиболее разумно, с пользой и наименьшим ущербом использовать потенциальные возможности данных средств. Проведение информационно-образовательной кампании «КИБЕР ТҰМАР» является важной и своевременной мерой, которая окажет влияние на обеспечение информационной безопасности детей и поможет в усилении родительской ответственности по привитию «имуннитета» к выбору информации в онлайн среде», - отметила председатель Комитета по охране прав детей МП РК Насымжан Оспанова.

Напомним, ранее Комитетом с учетом результатов социологического исследования «Kazakhstan Kids Online. Цифровая жизнь детей в Казахстане» была проведена обширная кампания, посвященная использованию программы «Родительский контроль» для решения актуальных вопросов в области информационной безопасности детей.

GOV.KZ Министерство Просвещения РК

1. The Lion and the Mouse

A lion was once sleeping in the jungle when a mouse started running up and down his body just for fun. This disturbed the lion's sleep, and he woke up quite angry. He was about to eat the mouse when the mouse desperately requested the lion to set him free. "I promise you, I will be of great help to you someday if you save me." The lion laughed at the mouse's confidence and let him go.

One day, a few hunters came into the forest and took the lion with them. They tied him up against a tree. The lion was struggling to get out and started to whimper. Soon, the mouse walked past and noticed the lion in trouble. Quickly, he ran and gnawed on the ropes to set the lion free. Both of them sped off into the jungle.

Moral of the Story

A small act of kindness can go a long way.

2. Count Wisely

One day, king Akbar asked a question in his court that left everyone in the courtroom puzzled. As they all tried to figure out the answer, Birbal walked in and asked what the matter was. They repeated the question to him.

The question was, "How many crows are there in the city?"

Birbal immediately smiled and went up to Akbar. He announced the answer; he said there were twenty-one thousand, five hundred and twenty-three crows in the city. When asked how he knew the answer, Birbal replied, "Ask your men to count the number of crows. If there are more, then the relatives of the crows must be visiting them from nearby cities. If there are fewer, then the crows from our city must



be visiting their relatives who live outside the city." Pleased with the answer, Akbar presented Birbal with a ruby and pearl chain.

Moral of the Story

Having an explanation for your answer is just as important as having an answer.

3. The Boy Who Cried Wolf

In a village, lived a carefree boy with his father. The boy's father told him that he was old enough to watch over the sheep while they graze in the fields.

Every day, he had to take the sheep to the grassy fields and watch them as they graze. However, the boy was unhappy and didn't want to take the sheep to the fields. He wanted to run and play,

not watch the boring sheep graze in the field. So, he decided to have some fun. He cried, "Wolf! Wolf!" until the entire village came running with stones to chase away the wolf before it could eat any of the sheep. When

the villagers saw that there was no wolf, they left muttering under their breath about how the boy had wasted their time. The next day, the boy cried once more, "Wolf! Wolf!" and, again, the villagers rushed there to chase the wolf away.

The boy laughed at the fright he had caused. This time, the villagers left angrily. The third day, as the boy went up the small hill, he suddenly saw a wolf attacking his sheep. He cried as hard as he could, "Wolf! Wolf! Wolf!", but not a single villager came to help him. The villagers thought that he was trying to fool them again and did not come to rescue him or his sheep. The little boy lost many sheep that day, all because of his foolishness.

Moral of the Story

It is difficult to trust people who lie, so it's important to always be truthful.

<https://parenting.firstcry.com/articles/top-20-short-moral-stories-for-children/>

10 Fun Space Facts

The sun is a star

The Sun may look like a big, bright circle in the sky, but it's actually a giant star. It's the closest star to Earth and provides us with light and warmth.

The moon changes shape

The Moon doesn't always look the same. It goes through different shapes, called phases, like a crescent, half-moon, and full moon. This happens because of how the Sun's light shines on it.

A year on mercury is shorter than a day

Mercury is the closest planet to the Sun, and it spins really fast. A day on Mercury is only about 59 Earth days long, but a year (the time it takes to go around the Sun) is about 88 Earth days.

Mars has dust storms

Mars, often called the "Red Planet," sometimes has huge dust storms that can cover the entire planet. These storms can last for months and make it hard to see the surface.

Saturn's beautiful rings

Saturn is famous for its beautiful rings made of ice and rocks. These rings can be seen from Earth with a telescope, and they make Saturn look like a giant cosmic hula hoop!

Astronauts float in space

When astronauts go to space, they can float around inside their spacecraft. This happens because there's very little gravity in space, so everything becomes weightless.

The milky way galaxy

Our solar system is part of a giant galaxy called the Milky Way. It's so big that it would take over 1,000 years to fly across it in a spaceship!

Shooting stars aren't stars

When you see a shooting star, it's not a star at all. It's actually a tiny piece of rock or dust from space that burns up in Earth's atmosphere, creating a streak of light.

Pluto used to be a planet

Pluto used to be known as the ninth planet in our solar system, but scientists decided it was too small to be considered a planet. Now, it's called a "dwarf planet."

The International Space Station (ISS)

The ISS is like a space home for astronauts. It orbits Earth and is a place where scientists from different countries live and work together in space.

<https://www.barracudas.co.uk/blog/fun-space-facts-for-kids/>



Әбілхан ҚАСТЕЕВ:

«Қапшағай СЭС-і», 1972 жыл.

Суреттерді түсірген: Нұрсерік ЖОЛБАРЫС

Дереккөзі: Kazmuseum.kz

